



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2024 жылдың қорытындысы: қазақстандықтар халықаралық ақша аударымдарының жүйесі арқылы шетелге 789 млрд теңге жіберді

Астана қ.

2025 жыл, 5 наурыз

2024 жылы ХААЖ (халықаралық ақша аударымдары жүйесі) арқылы жүргізілген ақша аударымдарының жиынтық көлемі **1,05 трлн теңге** болды. Бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 21%-ға төмен.

Шот ашпастан ХААЖ арқылы жүргізілген барлық операцияның **97%-ы** Қазақстан мен басқа елдердің арасындағы **трансшекаралық аударымдарға** тиесілі.

Шетелге жіберілген ақша аударымдарының көлемі – **788,9 млрд теңге** немесе ХААЖ арқылы жүргізілген трансшекаралық аударымдардың жиынтық көлемінің 77%-ы. Қазақстаннан шетелге жасалған бір аударымның **орташа сомасы 373,6 мың теңге** болды.


ХААЖ арқылы жүргізілген осы аударымдарды алушы негізгі елдер – **Өзбекстан (29,7%), Ресей (29,4%), Түркия (19,8%), Грузия (6,8%) және Қырғызстан (3,7%)**. Бұл аударымдардың шамамен **83%-ы «Золотая Корона» жүйесі** арқылы жүргізілген.



Шетелден алынған ақша аударымдарының көлемі – **236,8 млрд теңге** немесе ХААЖ арқылы жүргізілген трансшекаралық аударымдардың жиынтық көлемінің 23%-ы. Шетелден Қазақстанға жасалған бір аударымның **орташа сомасы 300,6 мың теңге** болды.

ХААЖ арқылы жүргізілген осы аударымдарды жіберуші негізгі елдер – **Ресей (26,1%), АҚШ (13,7%), Оңтүстік Корея (10,3%), Өзбекстан (10,0%) және Түркия (8,6%)**.

Операциялардың 81%-дық үлесі «Золотая Корона» және «Вестерн Юнион» төлем жүйелеріне тиесілі.



Халықаралық ақша аударымдары жүйесі банктік шот ашпай-ақ аударым жасау үшін пайдаланылатынын атап өтеміз. Негізінен, бұл аударымдар жеке тұлғалар арасындағы өтеусіз аударым сипатында болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz